

ӘОЖ 81-26

ГТАХР 16.01.11

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.007>

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ НӨЛДІК МОРФЕМАСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Изтаева Ж.Ж.¹, Балтабаева Ж.Қ.²

*^{1,2} Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі етістіктің нөлдік морфемасының функционалды-семантикалық ерекшеліктері когнитивтік аспектіде қарастырылады. Нөлдік формалар грамматикалық мағынаны беруші көрсеткіші жоқ тұлға ретінде есептелгенімен, тіл динамикасында мәдени кодты таныта алатын бірлік ретінде қызмет етеді. Мәдени кодты беруші тілдік бірліктер прагматикасы тұрғысынан да ерекшеленеді.

Зерттеудің мақсаты – нөлдік морфемалардың когнитивті, аксиологиялық және коммуникативті модельдердегі тілдік механизмдерін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай *міндеттер* қойылды: біріншіден, нөлдік морфемалардың лексика-грамматикалық табиғатын талдау; екіншіден, олардың сөйлем ішіндегі прагматикалық және функционалды-семантикалық қызметін нақтылау; үшіншіден, нөлдік морфемалардың когнитивтік танымдағы ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында контекстік, семантикалық талдау және когнитивтік модельдеу әдістері қолданылды. Жұмыста бұйрық райдың екінші жақ формаларындағы нөлдік морфемалар нақты тілдік мысалдармен зерделеніп, олардың мағыналық перифериясының контекстік қолданыс нәтижесінде өзгеретіндігі дәлелденді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағытындағы лингвистикалық ұстанымдар құрайды. Атап айтқанда, нөлдік морфема құбылысы когнитивтік лингвистика, функционалды-семантикалық грамматика, тілдік прагматика және деривациялық теория аясында талданады.

Зерттеудің нәтижесінде когнитивті аспектіде етістіктің жиі қолданыстағы категорияларындағы нөлдік көрсеткіштердің ерекшеліктері есім сөздердегі нөлдік көрсеткіштермен қатар сұрыпталып, талданды. Нөлдік морфеманың ықшамдау, тілдік үнемдеу принциптерін жүзеге асырып қана қоймай, ой екпіні мен прагматикалық айқындыққа әсер ететіндігі айқындалды. Сондай-ақ, нөлдік морфеманың зат есімдермен салыстырғанда етістіктерде функционалды және семантикалық ерекшеліктері мол екендігі, олардың сөйлеу актілеріндегі мағына кеңеюіне ықпал ететіні анықталды. Жұмыс нәтижелері қазіргі қазақ тілінің морфологиясы мен грамматикасын зерттеуде, когнитивті лингвистика саласында практикалық маңызға ие.

Тірек сөздер: тіл, таным, нөлдік форма, нөлдік морфема, нөлдік жұрнақ, етістік, бұйрық рай, категория

Кіріспе

Қазақ тіл біліміндегі нөлдік морфема ұғымы – грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерді ажырататын форма. Бірқатар зерттеулерде нөлдік морфема термині грамматикалық категория ретінде қызмет етеді делінген, дегенмен нөлдік морфема мен тұрақты нөлдік формалардың жекелеген ерекшеліктері бар.

Тіл – танымның жемісі. Тілдің әрбір деңгейін когнитивтік бағытта зерттеудің өзектілігі қай кезеңде де жоғары. Соның ішінде етістіктер қатысымдағы ойды жеткізуші негізгі бірліктер болғандықтан, етістік категорияларының когнитивтік қызметі тұрғысында зерттелуі, ондағы мағына мен форманың байланысын терең қарастыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, етістік – грамматикалық категория тұрғысынан күрделі сөз табы. Етістік категориялары жөнінде отандық тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Н. Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, С. Аманжолов, А. Ысқақов, М. Томанов, М. Оразов сынды іргелі еңбектер жазған ғалымдар болды. Сонымен қатар, етістіктің категорияларының семантикасы Ы.Маманов, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева еңбектерінде тереңінен зерттелді.

Етістіктің шақ, рай категорияларында бүгінге дейін жүйеленіп, бірізді зерттелуді қажет ететін мәселе етістік категориясындағы **нөлдік морфеманың** қызметі.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеудің материалдық негізін қазақ тілінің етістік жүйесінде кеңінен қолданылатын бұйрық рай формаларындағы нөлдік морфемалар құрайды. Атап айтқанда, бұйрық райдың екінші жақ формаларында көрініс табатын нөлдік морфемалар көркем әдебиет, публицистикалық мәтіндер мен ауызекі сөйлеу тіліндегі тілдік деректер арқылы талдауға түсті. Бұл деректер тілдің функционалды стильдеріндегі нөлдік формалардың нақты көрінісін айқындауға, әрі олардың семантикалық және прагматикалық реңкін ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында отандық және шетелдік тіл біліміндегі ғылыми еңбектер мен теориялық тұжырымдар негізге алынды. Тілдік деректерді талдау барысында *контекстік, функционалды-семантикалық, когнитивтік модельдеу және салыстырмалы әдістер* кешенді түрде қолданылды. Контекстік талдау әдісі нөлдік морфеманың сөйлем ішіндегі қызметін, оның прагматикалық реңкін, ой екпінін, тілдік ықшамдауға қатысын анықтауға бағытталды.

Функционалды-семантикалық талдау нөлдік морфеманың грамматикалық мағына беруі мен қолданыс аясына байланысты мағыналық перифериясының кеңеюін сипаттауға мүмкіндік берді. Когнитивтік модельдеу тәсілі арқылы нөлдік морфема тұлғаларының сөйлеу актілеріндегі танымдық мазмұны сараланды. Мұнда тілдік бірліктің тек құрылымдық мәні емес, оның адам санасындағы бейнесі мен мағыналық дамуы да назарға алынды. Ал салыстырмалы әдіс негізінде қазақ тіліндегі нөлдік морфемалардың құрылымы мен қызметі басқа түркі тілдеріндегі

ұқсас тұлғалармен салыстырылып, тарихи-лингвистикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтар ашып көрсетілді. Сондай-ақ, деривациялық талдау негізінде нөлдік морфеманың сөзжасам жүйесіндегі қызметі, нөлдік жұрнақтар арқылы жасалған лексикалық бірліктердің мағыналық ерекшеліктері нақтыланды. Осы аталған әдістердің бір-бірімен сабақтаса қолданылуы зерттеу нысанын тек морфологиялық деңгейде ғана емес, танымдық және прагматикалық кеңістікте кешенді түрде сипаттауға жол ашты.

Талқылау

Нөлдік морфема ұғымы тіл білімінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше назарға алынып, бұл феноменнің теориялық негіздерін қалыптастыруда елеулі ғылыми ізденістер жүргізілді. Аталған құбылысты жүйелі түрде сипаттап, морфологиялық құрылымның көрінбейтін, бірақ мағыналық жүк арқалаушы элементі ретінде тану – бірқатар ғалымдардың еңбегінде дәйекті түрде дәлелденді. Бұл тұрғыда, ең алдымен, лингвистика ғылымының теориялық негізін қалаған ірі тұлғалардың бірі – И.А. Бодуэн де Куртенэ мен Ф. Фортунатов есімдерін атауға болады.

Ф. Фортунатов сөз формасының құрылымын тек сыртқы формальды белгіге негізделіп емес, ішкі жүйелік заңдылықтармен де түсіндіру қажеттігін негіздеді. Ол тіл бірліктерін сыртқы және ішкі формаларға ажыратып, ішкі құрылымның семантикалық және дыбыстық мазмұнмен байланысын көрсетті. Бұл тұжырым нөлдік морфема құбылысының теориялық мәнін ашуда өзекті болып табылады. Өйткені грамматикалық көрсеткіші жоқ тілдік тұлғаның ішкі мағыналық құрылымға ие болуы, оның лексика-грамматикалық жүйеде дербес қызмет атқара алатынын дәлелдейді [1, 137 б.].

Осы бағытты жалғастырған И.А. Бодуэн де Куртенэ нөлдік морфеманы естілетін және айтылатын материалды морфемалармен салыстыру арқылы тану қажеттігін негіздей отырып, олардың тілдік жүйедегі орнын тануға бағытталған семасиологиялық және морфологиялық белгілерін сипаттайды. Ғалымның көзқарасы бойынша, морфема белгілі бір дыбыстық формаға ие болмаса да, ол тілдік жүйеде нақты қызмет атқарады және мағына тудыруға қабілетті. Осыған байланысты, Бодуэн де Куртенэ нөлдік морфема ұғымын тілдік санада абстрактілі, бірақ мағыналық тұрғыдан толыққанды бірлік ретінде қабылдауды ұсынады. Оның ойынша, мұндай морфемаларда морфологизация мен семасиологизация белгілері қатар жүреді, яғни бұл тілдік бірліктер құрылымдық жүйемен және мағыналық өріспен тікелей байланысты [2, 137 б.].

Ал орыс тіл білімінде XX ғасырдың басы мен ортасына қарай нөлдік форманың грамматикалық категориялар жүйесіндегі орнына қатысты бірқатар тұжырымдар ұсынылды. Бұл бағытта еңбектенген А.М. Пешковский (1878-1933), П.С. Кузнецов (1899-1968), Ю.С. Маслов (1914-1990) және И.П. Иванова (1923-1992) сынды лингвистер нөлдік форманың құрылымдық, семантикалық ерекшеліктерін сипаттауға талпыныс

жасады. Олар көрсеткіші жоқ, бірақ жүйелі қолданысқа ие тұлғалардың грамматикалық мағына беру мүмкіндігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге ұмтылды. Бұл еңбектерде нөлдік форма – тіл жүйесіндегі толыққанды категориялық мағына беруші, бірақ сыртқы белгіден айырылған тұлға ретінде қарастырылады.

Түркология ғылымында бұл мәселе өз жалғасын тапты. Түркі тілдеріндегі нөлдік формалардың табиғатын зерттеуге Э.В. Севортян, О.П. Суник, Т.А. Бертағаев сынды ғалымдар үлес қосты. Олар нөлдік форманың түркі тілдеріндегі септік, шақ, рай, жіктік категорияларында грамматикалық қызмет атқаратын бірлік ретінде қарастырылатынын атап өтті. Бұл бағыттағы зерттеулер нөлдік форманың тек формальды ерекшелік емес, тұтас мағыналық жүйенің белсенді элементі екендігін дәлелдеді. Нәтижесінде, нөлдік форма мен нөлдік морфема категориялары тілдік универсалия ретінде қарастырылып, олардың түрлі тілдерде ұқсас қызмет атқара алатыны айқындалды.

Отандық тіл білімінде нөлдік форма мәселесін С.Исаев, Ы.Маманов, Н.Оралбаева, Ж.Балтабаева зерттеді. Бұл ғалымдардың зерттеулерінде нөлдік форма септік жалғауларына қатысты ғана жасырын немесе тасаланған форма тұрғысында емес, нақты ұғымдық мәнде берілді. Аталған зерттеулерге дейін Ш. Сарыбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Ә.Төлеуов және т.б. ғалымдар еңбектерінде нөлдік форма септік жалғауларының тасалануы, олардың ашық немесе жасырын қолданылуына орай көрініс тапты. Бұл ғалымдардың тұжырымдары ғылыми мақалалар мен оқулықтарда жарық көріп отырды.

Ы.Маманов нөлдік формаларға ілік септігінің, барыс септігінің және табыс септігінің жасырын формасын, бұйрық райының жекеше әрі жасырын формаларын жатқызды [4, 35 б.]. Оның пікіріне сүйенер болсақ, атау септік нөлдік формада емес.

С.Исаевтың зерттеуінше, атау септігі нөлдік форманың ең алғашқы элементі болып саналады [5, 61 б.].

Н.Оралбаева етістіктің болымсыздық категориясын және сандық категорияларының нөлдік формаларын көрсетті [6, 27 б.]. Ж.Балтабаева қазақ тіліндегі ілік, табыс септіктерінің нөлдік формаларын зерттеді [7, 120 б.].

Нәтижелер

Категориялардың қосымшалары қолданылмаса да, қосымшасыз сөз сол категорияның мағынасын береді – деген тұжырым нөлдік морфеманы зерттеу аясында айтылып келгендігі белгілі. Дегенмен, кейбір тіркестердегі қосымшалы және қосымшасыз мағыналарының өзгеріп келуі, ұлттық кодымызда қалыптасқан мағынаның сипатын көрсетеді.

Мысалы, *бата беру – батаны беру, уәде беру – уәдені беру, ана сүті – ананың сүті, баға алу – бағаны алу, қазақ тілі – қазақтың тілі*. Осы секілді мысалдар арқылы, біз нөлдік формалардың ұлттық кодта қалыптасқан тұрақтанған танымдық бірлік екендігін айқындаймыз. Дегенмен, бұл

нөлдік морфемалардың барлық деңгейінде тұрақтанған дегенді білдірмейді. Нөлдік морфемалардың өзектілігі де осы, яғни, тілімізде тұрақтанған нөлдік формаларды күнделікті нөлдік морфемадан ажыратып, аксиологиялық, когнитивтік аспектілерде жүйелеу, бірізділікке түсіру. Яғни, ғылымның дамуы тілдің әрбір деңгейіне назар аударуды талап етеді.

Қазақ тілі – қазақтың тілі, ана сүті – ананың сүті мысалдарындағы прагматикалық өзгеріс, тек нөлдік морфема емес, нөлдік морфема арқылы ой екпінінің өзгеруінен айқын көрінеді. Қазақ тілі тіркесіндегі ой екпіні тіл, қазақтың тілі деген тіркесте тіл емес, ол қай тіл немесе қандай тіл екендігіне екпін түсетіндігін байқаймыз.

Тілдің негізгі қызметі қатысым барысында көрінеді. Тілдік бірліктердің дұрыс қолданылуы, ойдың анық берілуі тілдің дамуын қамтамасыз етеді. Ағылшын секілді тілдерде, екпін мен категориялардың байланысы жоғары деңгейде сақталған. Тілдің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлері тілдің тек фунциялық ерекшеліктерін ғана емес, танымдық ерекшеліктерін де көрсетеді.

Нөлдік морфеманың қолданыстағы қызметін түсінбеу, тілдік бірліктер арасындағы жүйені түсінбеу, өкінішке орай, бүгінгі таңда кез-келген орта мектеп оқушыларына тән. Сол себепті, мұндай толық бірізділікке түспеген тақырыптардың өзектілігін төмендетуге болмайды.

Өйткені, құндылық тұрғысынан, танымдық тұрғыдан тілдегі материалдардың жүйелілігі әдістеме үшін де өзекті. Өйткені, ғалым Р.Сыздық айтпақшы, «ғылым – білімнің қайнар көзі. Ғылым мен білімді екіге бөліп қарастыра алмаймыз».

Бірыңғай мүшелердің арасында кездесетін нөлдік морфемалар секілді, танымда сақталған, қолданыста бар мысалдардан атауыштық мағынамен бірге, ықшамдау заңдылығының берілгендігін байқаймыз. Дегенмен, кей мысалдардағы (*алма ағашы*) тіркестердің табиғатындағы сын есімдік мәннің болуы және оларға септік жалғауларын жалғауға мүлде болмайтындығы, ал кейбір мысалдардағы (*ағаш жапырағы*) меншіктік мағынаның берілуі, және қосымшаның қатысуымен де қатысуынсыз қолданыла алуы, сонымен қатар, қосымшамен берілген прагматиканың қосымшасыз прагматикадан айырмашылықта келуі ғылымда толық дәлелденуі қажет құбылыс деп білеміз.

Жоғарыдағы мысалдар нөлдік тұлғада сөз мағынасын тудыру қабілетіне зат есімдердің бейім екендігін дәлелдейді, сол секілді мұндай зат есімдер тұрақталған мағыналарға ие. Яғни, ілік септігі жалғаулары нөлдік тұлғада қолданыла келіп, бұл жерде мағыналық кеңею сынды үдерістер орын алған.

Осы секілді нөлдік морфемалардың сөзжасамдық мәнге ие болуын Ресейлік ғалымдар да зерттеу нысанына айналдырды. Мәселен, В.М. Марков «XV-XVI ғасырлардағы сот қызметкерлерінің тіліндегі суффикстік синонимия құбылысы» атты мақаласында сөзжасамдық нөлдік морфема туралы мәселе көтерді. Ғалым И.А. Бодуэн де Куртенэ және Ф.Ф.Фортунатовтың еңбектеріне сүйене отырып, сондай-ақ сөзжасамдық

және сөз түрлендіру жүйелері арасында салыстырулар жүргізіп сөзжасамдық нөлдік морфема феномені туралы тұжырымдарды дамытады. Ол туыстас жасалым жүйесіндегі сөз тудырушы негізбен нақты сәйкестік болған кездегі формалды белгінің болмауын – нөлдік жұрнақ деп түсінеді [8, 262 б.].

Профессор Г.А. Николаев В.М. Марковтың сөзжасамдық және сөз түрлендіруші формалардың көрнекті параллелизміне негізге ала отырып, сөзжасамдық нөлдік морфеманы олардың басқа туынды сөздермен синонимиялық өзара қатынасы арқылы тиісті сөздерден бөліп көрсеткендігін негізге алды. Ол В.М. Марковтың идеяларын дамытып, нөлдік морфемаларды сөзжасамдық қатардағы немесе сөз түрлендіру парадигмасындағы белгілі бір қатынастардың көрсеткіші екенін атап өтеді. Сонымен бірге, нөлдік жұрнақ арқылы құрылған сөздердің жұрнақтық синонимиясы нақты заттардың атаулары ретінде нөлдік құрылымдардың орнығуының бір салдары деп таниды [9, 264].

Бұл тұжырымдарға сүйенер болсақ, сөзжасамдық нөлдік морфема және нөлдік жұрнақ мәселесі морфология мен сөзжасамның ортақтастығын көрсететін тіл біліміндегі зерттеулердің ең өзекті мәселелердің біріне айналады. Сондай-ақ, лингвистикада нөлдік жалғауларға сөзжасамның морфологиялық және семантикалық тәсілдерінің өзара әрекеттесуі белсенді түрде жүріп, мұның нәтижесінде семантикалық жасалымдардың туынды негіздері ретінде қызмет ететіндігі назар аудартады.

Бірқатар ғалымдар тіл білімі саласындағы зерттеулерді негізге ала отырып, нөлдік формадағы сөздердің үш негізгі тобы туралы тұжырым жасайды, бұған негіз ретінде олардың түбір етістіктерге генетикалық қатынасын қарастырады:

1) сөздің көне түбірінен жасалған параллель жасалымдар;

2) етістікті жасалымдар;

3) етістіктер үшін негіз болған қосымшасы жоқ есімдер [10, 87 б.].

Бұдан кейінгі жалпы тілдік өзгерістер (фонетикалық, морфологиялық) туынды сөздердің сөзжасамдық байланыстарына ықпал етпей, туынды сөздердің материалдық көрсеткіштерінің жойылуына алып келді.

В.В. Лопатин нөлдік морфемаларды ажыратудың бірқатар негізгі қағидаларын белгілейді. Ғалымның тұжырымдауынша, грамматикалық және сөзжасамдық мағыналар қандай да бір жұрнақ немесе жалғаулар арқылы берілсе, бұл ойды білдірудің басқа формалды құралы болмаған жағдайда осы мағынаны білдіретін нөлдік морфеманы көрсетуге болады [11, 78 б.].

Сонымен, нөлдік морфема құбылысы көптеген ғылыми еңбектерде сипатталып, академиялық грамматикада белгіленгеніне және бұл терминнің ғылыми айналымға терең енгеніне қарамастан, бұл туралы пікірталастар әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Етістік категорияларындағы нөлдік морфемалардың берілуінде де зат есімдердің септік, жіктік категориялары секілді мәселелер кездеседі. Мұндай формалардың грамматикалық қана емес, лексикалық мағынаның өзгеруіне ықпал етуі тілдегі ықшамдау зандылығына бейімділік болуы мүмкін. Ықшамдау сөз формасының

қысқаруында ғана емес, әсерлілігінде де қызмет атқарады. Мұны тілдің ішкі және сыртқы сипатына байланысты деп түсіндіреміз.

Етістік категорияларындағы нөлдік формалар бұйрық рай категориясында, сондай-ақ жақтық категорияда қолданылатыны анық және мұндай формалар бүгінге дейін зерттеліп келді. Етістік – басқа сөз таптарына қарағанда құрылымы мен қолданыс ерекшеліктері жағынан әлдеқайда күрделі, әрі қызмет өрісі өте кең сөз табы. Бұл оның лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық ерекшеліктерін анықтауда тек қана субъектінің әрекетімен шектелмей, сонымен қатар субъектіден тыс табиғатта, қоғамда және жалпы тілдік қатынас аясында жүзеге асатын алуан түрлі қозғалыс, қимыл, іс-әрекет, құбылыс, күй тәрізді үдерістермен де тығыз байланысты болуымен түсіндіріледі. Сонымен бірге, етістіктің мағыналық аясын толық танып-білу үшін мезгіл мен шақ категорияларының рөлін ескермеуге болмайды [12, 217 б.].

Біз қарастыратын мәселеде етістіктің лексикалық тұлғасы мен оның сөйлем ішіндегі қызметінің ерекшеліктері сөз болмақ. Мысалы, бұйрық райдың екінші жағындағы *сөйле, айт* секілді сөздердің жеке лексикалық мағынасы мен сөйлем ішіндегі мағынасындағы жекелеген ерекшеліктер бар. Тіпті, сөздердегі мағынаның кеңеюі мұндай сөздердің атауыштық мағынада тұрып, атаулы сөйлем құра алу деңгейіне де жеткен. Демек, нөлдік формалар тұрақтала келе, сөздің танымдағы мәнін арттырады.

Мұндай формалар, әсіресе, көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының мысал өлеңінде:

Ақсақал, не айтасың? Сөйле! – деді. – деп беріледі. Мұндағы Сөйле сөзінің прагматикасында сөйлеу мәнінен бөлек, сұрау мағынасының бар екендігін көруге болады. Сөйле, тілім, алаңдама, тартынба! (Ш. Ділдебаев).

Мұндай сөзқолданыстар функционалды стильдердегі мағыналық кеңею, тұрақталу тұрғысынан берілуі жөнінде ғалым С.Исаев та ой қозғайды. Оның пікірінше: «Мұнда кел дегендегі кел сөзі мен жай ғана кел деп айтудағы кел сөзінің мағыналары екі түрлі. Бірі (*кел*) қимыл атауын білдірсе, екіншісі (*мұнда кел*) біреуге қаратыла айтылатын мағынаны білдіреді» [13, 43 б.].

Сонымен, нөлдік морфемалар етістіктің рай категориясында, оның ішінде бұйрық рай формасында кеңінен қолданылады. Мағынаның кеңейіп, дамуы нәтижесінде бұйрық райдың екінші жағындағы кейбір етістіктер тұрақталып келіп, мағыналық перифериясы өзгерген.

Кесте 1. Нөлдік формадағы етістіктің семантикалық қызметі

	« <i>Сөйле</i> » нөлдік формадағы сөздің семантикалық топтары	Мағыналық перифериясы
1	«Атағы жоқ ақын ғой, сен <i>сөйле</i> » деп, төрелігін кескен-ау төрағасы. (<i>Е.Дүйсенбайұлы</i>)	«Жырла» ұғымдық мәнін беру, бұйыру

Қазақ тіліндегі етістіктің нөлдік морфемасының функционалды ...

2	Айтарым тағы берік бол бір сөйле , Сабырлы таудың мінезі керек күлсең де. (<i>А.Бақтыгереева</i>)	«Бір сөзді болу», «уәдеде тұру» мағынасына ауысу
3	Арғымақ келер аяндап, Ақырын сөйле баяндап. (<i>Е.Раушанов</i>)	Бұйыру, тілек
4	Сөйле , Моцарт, менің Ана тілімде, Сөйле , Данте, менің Ана тілімде! (<i>М.Мақатаев</i>)	Бұйыру, тілек, «Жазу, шығару, жырлау» мағынасында қолданылу
5	Бурылды Дәулеткерей сонда ба- рып: Сөйле енді, хабарынды айт, Салық бөле! (<i>Е.Раушанов</i>)	Ұсыну, риторикалық сұрау

Демек, бұйрық райдың 2-жақтағы мағыналарының функционалды-семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырауы осы сөздердің жиі қолданысқа түсуімен тікелей байланысты. Сөз қолданыста дамиды, мағынасы кеңейеді. Етістіктердің рай категориясындағы өлшемдері қолданыс аясына да байланысты қабылданып отырады.

Кесте 2. Нөлдік формадағы етістіктердің функционалды-семантикалық перифериясы

	« <i>Ұмтыл, аялда</i> » нөлдік формадағы етістіктердің семантикалық топтары	Функционалды аумағы
1	Ажалмен айкасты кеп тәкаппарлық, «Ұмтыл!» деп туған Отан берді жарлық Жүректің шапағатты жылуындай Сол бір кетті билеп ойды барлық. (Әбділда Тәжібаев «Бүгінгі сөз»)	Көркем әдебиет стилі
	Мына сарын қай сарын құлағың тұр, Құлағың тұр, жетпесең жылап ұмтыл, Ащы мұнның мына бір ар жағында Аңсап ішкін келетін бұлағың тұр. (Сәкен Иманасов «Мына сарын – қай сарын – құлағың тұр»)	
	Асықпа, аялда , батпа күн! (<i>Мұқағали Мақатаев «Соңғы минуттар»</i>)	
2	Нұрсифат, үмітіңді үзбе, ұмтыл алға, алған <i>бетіңнен қайтпа</i> . (<i>Есет Досалы «Өнердегі өрнекті жол»</i>)	Публицистикалық стиль
3	Ұмтыл, ұста! - деген дауыстар жақындай берді.	Ауызекі сөйлеу стилі

Етістіктердің мағыналық топтары олардың қолданылу ауқымына байланысты екендігі берілген мысалдардан көрінеді. Бұйрық райда етістіктер тіркеске сөздерімен, автор ойымен прагматикалық қатысымға түседі. *Ұмтыл, аялда* сөзінің жеке мағынасы мен контекст ішіндегі мағынасы өзгеріске ұшырайды, мағыналық ауысу пайда болады. Мұндай формаларды жеке зерттеудің өзектілігі етістіктің категорияларының ішінде мағыналық ауысу, функционалды стильдердегі ерекшеліктері көп жағдайда 2-жақ мағынасына тән екендігімен дәлелденеді.

Лингвистикалық ғылымдарда қосымшасыз да мағынаның болуы дәлелденген. Бірақ қосымшасыз тұрып жақтық мағынамен қатар, қосымша мағыналарды беруі әлі дәлелеуді қажет етеді. Сандылық категориясының жекеше мағынаны білдіретін нөлдік морфемасында ықшамдау заңдылығы бар. Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың пікірінше, бұйрық райдың екінші жағында нөлдік морфемалардың дамуында тілдегі ықшамдау құбылысының әсері бар. Оған тілдегі бұрынғы формасынан ажырап қалған, дегенмен еліміздің кейбір өңірлерінде әлі де қолданысқа ие дәлел болады.

«Қазақ грамматикасы» еңбегінде бұйрық райдың 2-жақ формасының түркі тілдеріндегі тарихи аспектілері қарастырылады. Мұнда бұйрық райдың 2-жақ формасы кей түркі тілдерінде көрсеткіші бар екендігі және Қазақстанның да бірқатар жерлерінде сол форма сақталғандығы жөнінде мағлұмат берілген. Ы. Ысқақов пен С. Исаевтың пікірлеріне сүйенсек, *бар-ың, кел-ің* үлгісіндегі формалар бұйрық райдың көне көрсеткіштерінің бірі. Бұйрық райдың сыпайы түрін білдіретін *барыңыз, келіңіз, қойыңыз* формаларын ескерсек, диалектілік деңгейде *барың, келің* (тәрізді формалардың қолданылуы бұйрық райдың екінші жақтағы сыпайылық мәнін беретін нұсқа ретінде бағалануы мүмкін. (*Оңтүстік Қазақстан өңірінде бұйрық райдың -ың/-ің көрсеткіштерімен келген формаларының кездеседі*). Бұл құбылыс қазақ тілінің диалектологиялық жүйесінде бұйрық рай формаларының тарихи дамуы мен аймақтық ерекшеліктерін анықтауда маңызды материал болып табылады.

Ы.Ысқақов нөлдік морфемадағы сөздерді бірнеше топқа бөліп көрсетіп, олардың ішіне жіктік жалғаудың үшінші жағындағы етістіктерді жатқызады. Етістіктердің ішінде *отыр, жүр, жатыр, тұр* түбірлері жіктеледі, бірақ қосымшасы жоқ [14, 66 б.].

Мұндай етістіктер субъектімен берілген жағдайда оның нөлдік көрсеткіште екендігі анық көрінеді де, грамматикалық қатынасқа түскен кезде абстракцияланады. Әсіресе, аналитикалық форманттарда мағыналық ауысу үдерісі жиілейді. Бұл нөлдік морфемалардың функционалды-семантикалық өрісін кеңейтеді.

Мұндай нөлдік морфемалар етістік категорияларында болымдылық мағыналық қызметін де атқарады. Етістіктің болымды, болымсыздық мағыналарының ерекшеліктері жөнінде қазақ тіл білімінде де, жалпы тіл білімінде де зерттеулер бар. Айталық, А. Омарова болымдылық категорияларының мағыналық қызметіне кеңінен тоқталады. Ғалымның пікіріне сүйенсек, етістіктердің болымдылық мағыналарында көрсеткіш болмайды, бірақ ішкі мағыналары бар [15, 121 б.].

Демек, нөлдік морфемадағы болымдылық мағынаның берілуі де айтарлықтай жиі құбылыс. Ал болымсыздық мағынаның берілу формасы айқын, оны алмастыратын нөлдік морфемалар жоқ.

Қорытынды

Тілдік құрылымдағы әрбір морфологиялық бірлік өз бойына грамматикалық қана емес, сонымен қатар семантикалық, прагматикалық,

танымдық сипаттарды да жинақтайтыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, етістік категориясындағы нөлдік морфема тілдік бірлік ретінде ғылыми пайымдауды қажет ететін күрделі құбылыстардың қатарына жатады. Мақалада қарастырылған нөлдік морфема тілдік жүйенің сыртқы формалық көрсеткіші жоқ, алайда мағына тудыруға қабілетті қызметтік бірлік екендігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, етістіктің бұйрық райы мен жақтық мағыналарында көрініс табатын нөлдік морфема функционалдық және семантикалық жүктемесі мол құрылым ретінде ерекшеленеді. Бұл морфема тілдегі ықшамдау заңдылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, ой екпінін нақтылауға, сөйлеу актісіндегі прагматикалық реңкті айқындауға мүмкіндік береді. Әсіресе, бұйрық райдың екінші жағында жиі кездесетін мұндай формалар контекстке тәуелді семантикалық ауысымдармен қатар, сөйлеушінің интенциясын тыңдаушыға жеткізудегі тиімді құрал ретінде қолданылады.

Нөлдік морфеманың сөзжасам жүйесіндегі орны да назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл бағыттағы зерттеулер нөлдік морфеманың туынды сөз жасаудағы қатысын, оның синонимиялық қатары арқылы көрінетін формалды емес, бірақ мағыналық белгісі айқын құрылым екенін танытады. Бұл құбылыс қазақ тілінің морфологиялық жүйесінде де көрініс тауып, түбір мен қосымшасыз қолданылатын сөздердің семантикалық кеңеюіне ықпал етеді.

Зерттеу барысында келтірілген нақты мысалдар мен функционалды стильдердегі қолданыстар нөлдік морфеманың тілдік санамызда қалыптасқан әрі тұрақталған танымдық бірлік ретінде қызмет атқаратынын аңғартты. Етістіктердің сөйлеу барысында прагматикалық мағынаға ие болып, кей жағдайда атауыштық қызметке көшуі – нөлдік морфеманың мағыналық потенциалының кеңдігін дәлелдейді. Сонымен қатар, атау септігінің нөлдік тұлғасы арқылы берілетін меншіктік реңк, ілік қатынасы – бұл морфеманың жүйелі мағыналық жүктемеге ие екендігін танытады.

Түйіндей айтқанда, нөлдік морфема – көрінбейтін форманың көрініс табатын мағыналық әлеуетін иеленген, тілдік құрылымда ерекше орны бар морфологиялық құбылыс. Оның грамматикалық мағынамен қатар, сөйлеу мақсатына сай ойды ықшам жеткізудегі рөлі, контексте мағыналық реңк тудыруы, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы прагматикалық байланыс орнатудағы қызметі – нөлдік морфеманың ғылыми-теориялық мәнін ашатын негізгі тетіктердің бірі. Сондықтан да нөлдік морфема мәселесін қазақ тіл білімінің когнитивтік және прагматикалық кеңістігінде жүйелі зерттеу – бүгінгі тілтаным ғылымының алдыңғы қатарлы міндеттерінің бірі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Фортунатов Ф.Ф. Избранные труды. – Т.1. – М.: Учпедгиз, 1956. – 450 с.

[2] Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – Т.П. – М.: Издательство АН СССР, 1963. – 391 с.

[3] Гаврилкина Т.Ю. Нулевая суффиксация в современном русском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Астрахань, 2009. – 17 с.

[4] Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, Арыс, 2007. – 482 б.

[5] Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: 2007. – 336 б.

[6] Оралбаева Н. Қосымшалардың сөзде алатын орны // Қазақстан мектебі. – №2. – Алматы, 1975. – Б.27 – 30.

[7] Балтабаева Ж. Табыс септік формаларының қолданылуындағы кейбір ерекшеліктер // Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983. – 144 б.

[8] Марков В.М. Избранные работы по русскому языку / Под ред. проф. Г.А.Николаева. – Казань: Издательство «ДАС», 2001. – 275 с.

[9] Николаев Г.А. Русское и славянское словообразование. – Казань: Казан.ун-т, 2011. – 220 с.

[10] Николаев Г.А. Русское историческое словообразование: Теоретические проблемы. – М.: Книжный дом «Либроком», 2010. – 184 с.

[11] Лопатин В.В. Нулевая аффиксация в системе русского словообразования. // Вопросы языкознания. – 1966. – №1. – С. 76 – 87.

[12] Солтанбекова А. А., Рамазанов Т., Жолшаева М. С. & Қалибекұлы, Т. Етістіктің мағыналық топтарының ішкорпуста берілу жолдары. Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №2 (69). – Б. 216–233б. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.014>

[13] Исаев С. М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, «Рауан», 1998. – 302 б.

[14] Ысқақов А.Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 385 б.

[15] Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалды және семантикалық аспектісі: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2006. – 282 б.

REFERENCES

[1] Fortunatov F.F. Izbrannye trudy [Selected works]. – T.1. – М.: Uchpedgiz, 1956. – 450 s. [in Rus.]

[2] Bodujen de Kurtenje I.A. Izbrannye trudy po obshhemu jazykoznaniju [Selected works on general linguistics]. – T. II. – М.: Izdatel'stvo AN SSSR, 1963. – 391 s. [in Rus.]

[3] Gavrilkina T.Ju. Nulevaja suffiksacija v sovremennom russkom jazyke [Zero suffixation in modern Russian]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Astrahan', 2009. – 17 s. [in Rus.]

[4] Mamanov Y. Qazaq til biliminiñ мәseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty, Arys, 2007. – 482 b. [in Kaz.]

[5] İsaev S. Qazırgı qazaq tılı. Morfologia [Modern Kazakh language. Morphology]. – Almaty: 2007. – 336 b. [in Kaz.]

[6] Oralbaeva N. Qosymşalardyñ sözde alatyn orny [The place of appendices in the word] // Qazaqstan mektebi. – №2. – Almaty, 1975. – B.27-30. [in Kaz.]

[7] Baltabaeva J. Tabys septik formalarynyñ qoldanylyndağy keibir erekselikter [Some features in the use of forms of income declension] // Qazirgi qazaq әдеби тіліniñ gramatikalyq qūrylymy. – Almaty, 1983. – 144 b. [in Kaz.]

[8] Markov V.M. Izbrannye raboty po russkomu jazyku [Selected works on the Russian language] / Pod red. prof. G.A.Nikolaeva. – Kazan': Izdatel'stvo «DAS», 2001. – 275 s. [in Rus.]

[9] Nikolaev G.A. Russkoe i slavjanskoe slovoobrazovanie [Russian and Slavic word formation]. – Kazan': Kazan.un-t, 2011. – 220 s. [in Rus.]

[10] Nikolaev G.A. Russkoe istoricheskoe slovoobrazovanie: Teoreticheskie problem [Russian historical word formation: Theoretical problems]. – M.: Knizhnyj dom «Librokom», 2010. – 184 s. [in Rus.]

[11] Lopatin V.V. Nulevaja affiksacija v sisteme russkogo slovoobrazovanija [Zero affixation in the system of Russian word formation]. // Voprosy jazykoznanija. – 1966. – №1. – S. 76-87. [in Rus.]

[12] Soltanbekova A.A., Ramazanov T., Zholshaeva M.S., & Qalibekuly T. Etistikting mağynalyq toptarynyñ işkorpusta berilu zholdary [The representation of semantic groups of verbs in the subcorpus] // Abılaı han atyndağy QazHQAÝTÝ Habarshysy, Filologıa serıasy. – 2023. – №69(2). – B. 216–233. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.014> [in Kaz.]

[13] İsaev S. M. Qazirgi qazaq tilindegi sözderdiñ gramatikalyq sipaty [Grammatical nature of words in the modern Kazakh language]. – Almaty, «Rauan», 1998. – 302 b. [in Kaz.]

[14] Ysqaqov A.Y. Qazirgi qazaq tılı. Morfologıa [Modern Kazakh language. Morphology]. – Almaty, 1991. – 385 b. [in Kaz.]

[15] Omarova A. Qazaq tilindegi nöldik morfemanyñ funksionaldy jäne semantikalyq aspektı [Functional and semantic aspect of the zero morpheme in the Kazakh language]: filol. ğyl. dokt. diss. – Almaty, 2006. – 282 b. [in Kaz.]

ФУНКЦИОНАЛЬНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НУЛЕВОЙ МОРФЕМЫ ГЛАГОЛА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*Изтаева Ж.Ж.¹, Балтабаева Ж.К.²

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются функционально-семантические особенности нулевой морфемы глагола в казахском языке в когнитивном аспекте. Несмотря на то что нулевые формы традиционно считаются единицами, не имеющими показателя, выражающего грамматическое значение, в динамике языка они функционируют как единицы, способные репрезентировать культурный код. Лингвистические единицы, передающие культурный код, также отличаются по своей прагматике.

Цель исследования – выявить языковые механизмы нулевых морфем в когнитивных, аксиологических и коммуникативных моделях. Для

достижения этой цели были поставлены следующие задачи: во-первых, анализ лексико-грамматической природы нулевых морфем; во-вторых, уточнение их прагматических и функционально-семантических функций в структуре предложения; в-третьих, определение особенностей нулевых морфем в когнитивном восприятии. В исследовании использовались контекстуальный, семантический анализ и методы когнитивного моделирования.

В работе подробно проанализированы нулевые морфемы во вторых лицах повелительного наклонения на основе конкретных языковых примеров, и продемонстрировано, что их семантическая периферия изменяется в зависимости от контекста. Методологическую основу исследования составляют лингвистические принципы антропоцентрического направления современной лингвистики. В частности, феномен нулевой морфемы рассматривается в рамках когнитивной лингвистики, функционально-семантической грамматики, лингвистической прагматики и деривационной теории.

В результате исследования выявлены особенности нулевых показателей в категориях глаголов в частотном употреблении, которые сопоставлены с нулевыми показателями в именных частях речи. Установлено, что нулевая морфема не только реализует принципы языковой экономии и компактности, но и влияет на акцентуацию мысли и прагматическую отчетливость. Также показано, что по сравнению с существительными нулевая морфема у глаголов обладает более выраженными функциональными и семантическими особенностями, что способствует расширению значений в речевых актах. Полученные результаты имеют практическое значение для исследования морфологии и грамматики современного казахского языка, а также для когнитивной лингвистики.

Ключевые слова: язык, познание, нулевая форма, нулевая морфема, нулевой суффикс, глагол, повелительное наклонение, категория

FUNCTIONAL AND SEMANTIC FEATURES OF THE ZERO MORPHEME OF THE VERB IN THE KAZAKH LANGUAGE

*Iztayeva Zh. Zh.¹, Baltabayeva Zh. K.²

* ^{1,2}Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article examines the functional and semantic features of the zero morpheme of the verb in the Kazakh language within a cognitive framework. Although zero forms are traditionally regarded as units lacking explicit markers of grammatical meaning, in language dynamics they function as elements capable of conveying cultural codes. Linguistic units that transmit cultural codes also display distinctive pragmatic characteristics.

The aim of the study is to identify the linguistic mechanisms of zero morphemes within cognitive, axiological, and communicative models. To achieve this goal, the following objectives were set: first, to analyze the lexico-grammatical nature of zero morphemes; second, to clarify their pragmatic and

functional-semantic roles within sentence structures; third, to determine the cognitive features of zero morphemes. Contextual and semantic analysis, along with cognitive modeling methods, were applied in the research.

The study investigates zero morphemes in the second-person forms of the imperative mood through concrete linguistic examples, demonstrating that their semantic periphery shifts depending on context.

The methodological foundation of the research is based on linguistic principles from the anthropocentric paradigm of modern linguistics. In particular, the phenomenon of the zero morpheme is analyzed within the frameworks of cognitive linguistics, functional-semantic grammar, linguistic pragmatics, and derivational theory.

The results highlight the peculiarities of zero markers in frequently used verbal categories, compared with zero markers in nominal parts of speech. The study confirms that the zero morpheme not only fulfills principles of linguistic economy and compactness but also influences emphasis and pragmatic clarity. Furthermore, it is established that the zero morpheme in verbs demonstrates greater functional and semantic complexity than in nouns, contributing to meaning expansion in speech acts. The findings have practical significance for research in Kazakh morphology and grammar, as well as for cognitive linguistics.

Keywords: language, cognition, zero form, zero morpheme, zero suffix, verb, imperative mood, category

Мақала түсті: 02 сәуір 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Изтаева Жанерке Жандосқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhanerke.sagimbaeva@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9940-1028>

Балтабаева Жаңалық Қылышқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет, Алматы, Қазақстан, e-mail: baltabaevazhanalik@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9898-4818>

Информация об авторах:

Изтаева Жанерке Жандосқызы – магистр педагогических наук, Казахский Национальный Университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: zhanerke.sagimbaeva@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9940-1028>

Балтабаева Жаңалық Қылышқызы – доктор педагогических наук, профессор, Казахский Национальный Университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: baltabaevazhanalik@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9898-4818>

Information about the authors:

Iztayeva Zhanerke Zhandoskyzy – Master of Pedagogical Sciences, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanerke.sagimbaeva@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9940-1028>

Baltabaeva Zhanalyk Kylyshkyzy – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: baltabaevazhanalik@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9898-4818>